

## **Семей облысындағы өнеркәсіп өндірісін көтеру жөніндегі қосымша шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 10 ақпандағы N 188

Семей облысында кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және сауықтыру жөнінде жұмыс жүргізілуде, бұл белгілі бір өзгерістерге алып барды. Сонымен қатар, облыста экономикалық жағдайды оны орнықты тұрақтандыру жағына қарай күрт өзгерістерге қол жеткізе алмады. Өнеркәсіп өндірісінің нақты көлемінің индексі 95,1 процентті құрайды, бұл жалпы республикалық көрсеткіштен 5,2 процентке төмен.

Облыстағы институтциональдық жаңғыртулар бірқатар жағдайларда кәсіпорындардың тиімді менеджментін қалыптастыруға олардың экономиканың жағдайларының өзгертуге алып бармады. Сөйтіп шығынды кәсіпорындардың үлесі 1996 жылы, орташа республикалық көрсеткіш 50,7 процент болғанда, 58,8 процент болды және бұл республикадағы аса жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Облыста бюджетті қалыптастыру және орындау жөніндегі жұмыс жеткіліксіз ұйымдастырылған, 278 млн. теңге мақсатсыз шығындарға жұмсалған.

Аймақтағы экономикалық реформаларды жүзеге асыру әлеуметтік жағдайлардың шиеленіскен жағдайында жүріп жатыр, бұл ретте жағдай бірқатар көрсеткіштер бойынша республикадағы шиеленіскен жағдайлардың бірі болып табылады. Әсіресе еңбек нарығындағы жағдай өте күрделі болып табылады. Экономикалық белсенді тұрғындар арасындағы жұмыссыздық деңгейі республикадағы орташа 4,1 процентпен салыстырғанда 8,3 процентті құрайды.

Семей облысында зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінде дағдарысты ахуал қалыптасып отыр. Берешек 1997 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 2,2 млрд. теңгені құрайды, бұл ретте облыс төлеушілерінің Зейнетақы қорына берешегі (өсімімен) 1,5 млрд. теңге.

Қазақстан Республикасы Президентінің нұсқауларын және "Қазақстан Республикасының 1996 жылғы экономикалық жағдайы және оны жақсарту шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 қаңтардағы кеңейтілген мәжілісінің шешімдерін жүзеге асыру, Семей облысында өнеркәсіп өндірісін тұрақтандыру, өнім және қызмет көрсету көлемін көтеруді қамтамасыз ету, қосымша жұмыс орындарын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі және Семей облысының әкімі:

"Арматура зауыты" акционерлік қоғамында қалпына келтіру рәсімдерін жүргізу жөніндегі ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын;

Экономика министрлігімен, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен бірлесе

отырып бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Арматура зауыты" акционерлік қоғамының өндірістік қуатын күшейту, санациялау кезеңінде өндірісті ынталандыру, зауытты 1997 жылдың екінші тоқсанында іске қоса отырып, шығарылатын өнімдерді қорғау жөнінде ұсыныстар енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, мемлекеттік Медетші банкі, Семей облысының әкімі 1997 жылдың екінші тоқсанында бекітілген санациялау жоспары бойынша "Семей машина жасау зауыты" акционерлік қоғамын қаржыландыру мәселесін шешсін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Семей облысының әкімі Қазақстан Республикасы мемлекеттік Медетші банкімен бірлесе отырып, 1997-1998 жылдары "Павлодартрактор" акционерлік қоғамымен және "Қостанай дизель зауыты" акционерлік қоғамымен кооперация жасауды ескере отырып, "Семей машина жасау зауыты" акционерлік қоғамының өндірістік қуатын күшейту бағдарламасын жасасын және жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Экономика министрлігімен, Семей облысының әкімімен бірлесе отырып республикадағы желілік өндірістің жағдайын және 1997-1998 жылдардағы даму болашағын қарасын. Республикалық рыноктың өзін-өзі қамтамасыз етуіне әскерін тигізетін реттегіштер, сондай-ақ жергілікті ресурстарды (мыс тақтайшасы, пластикаттар және басқалар) желілік өндіріске тарту жөніндегі шаралар іске қосылсын. "Қазақстанкабель" акционерлік қоғамының өндірістік қуатын күшейту қамтамасыз етілсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Өнеркәсіп және сауда министрлігімен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне мүмкіндігінше көздерін тауып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы "Жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шаралары туралы" N 776 қаулысына сәйкес 1997 жылы Семей облысының кәсіпорындарын сауықтыру рәсімдерінің шаралары туралы ұсыныстар енгізсін.

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Семей облысының әкімі бір ай мерзім ішінде "Ақжол" акционерлік қоғамында сауықтыру рәсімдерін жүргізу мүмкіндігі туралы мәселені қарасын.

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Экономика министрлігі, Семей облысының әкімі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүн шикізаттарын бастапқы өңдеусіз экспорттауды шектеу және "Сенім" акционерлік қоғамының өндірістік қуатын күшейту жөніндегі ұсыныстар енгізсін.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Экономика министрлігімен,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен, Семей облысының әкімімен бірлесе отырып бір ай мерзім ішінде шикізаттарды импорттаушы кәсіпорындар өнімдерінің қосымша құнына белгіленген тәртіппен салық салудың экономикаға әсерін зерделесін.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Семей облысының әкімі бір ай мерзім ішінде Семей ЖЭО, біртұтас кешендегі облыстың энергетика жүйесін, Шульба ГРЭС контрреттегішін және шлюзін салуды тендер шартындағы мүліктік жалдауға (концессия) немесе сатуды қарастырып, жекешелендірудің жеке жобаларын дайындасын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.08.04. N 1210 қаулысымен. P971210\_

10. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Семей облысының әкімі Қаражыра көмір кені орны базасында қуаты 1300 кВт электр станциясын салу үшін "Энел-Банк Финанс" қаржы корпорациясын тарту жөніндегі жұмыстарды жеделдетсін.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Семей қаласында Ертіс өзеніне салынатын көпір құрылысын қоса қаржыландыруға 1997 жылға арналған республикалық бюджеттен қаржы бөлу жөніндегі Семей облысы әкімінің ұсынысын ескерсін.

12. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Семей облысының әкімімен, Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне пилоттық жобаларды жүзеге асыратын салалар құрамындағы облыстағы 1998 жылға арналған тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және несиелеу тетіктері туралы ұсыныс енгізісін.

13. Құпия.

14. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Семей облысының әкімі жұмыс тобын құрсын және 20 күн мерзімде жоғарғы технология орталығы ретінде Ұлттық ядролық орталығының жұмыс бейінін сақтай отырып, Курчатов қаласының өндірістік күштерін дамыту бағдарламасын жасасын.

15. Семей облысының әкімі 1997 жылға арналған республикалық бюджетте жоспарланған болжамдық сомалардың орындалуына ерекше назар аударып, бюджетке салық және басқа да міндетті төлемдердің түсуіне бақылау жасауды күшейтсін.

16. Семей облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі 1997 жылы қабылданған шаралар есебінен өнеркәсіп өнімдерін шығару және қызмет көрсету көлемін 4,3 млрд. теңгеге өсіруді, өнімнің нақты көлемінің индексін 3,3 процентке көтеруді және қосымша 2500 жұмыс орнын құруды қамтамасыз етсін.

17. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК